



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

2021 жылға Қазақстан Республикасының
кәсіпорындарында ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды пайдалану туралы

Мазмұны

- S. 1 Байланыс деректері
- S. 2. Өзектілік-Кіріспе
- S. 3 метадеректерді Жаңарту
- S. 4 статистикалық ақпаратты Ұсыну
- S. 5 өлшем Бірлігі
- S. 6 Есепті кезең
- S. 7 Құқықтық негізі
- S. 8. Құпиялылық және деректерді қорғау
- S. 9 Жарияланым саясаты
- S. 10 Тарату жиілігі
- S. 11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S. 12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S. 13 Сапасы басқару
- S. 14 Өзектілік
- S. 15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S. 16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S. 17 Салыстырмалылық
- S. 18 Келісушілік
- S. 19 Жүктеме
- S. 20 Деректерді қайта қарау
- S. 21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S. 22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Ұлжан Тұрдалықызы Рысбаева

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Гульмира Сайлаубекқызы Қарауылова

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Есіл ө. сол жағалауы, Мәңгілік Ел көшесі, 8,
Министрліктер үйі, 4 - кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

u.rysbaeva@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172) 74-93-28

S.2 Өзектілік-Кіріспе

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (бұдан әрі - АКТ) даму деңгейі ел экономикасының бәсекелестігіне белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

Экономиканың заманауи даму деңгейіне кәсіпкерлік сектор, азаматтық қоғам мен мемлекеттің өзара іс-қимыл деңгейі сәйкес болуы тиіс. Оған АКТ-ны дамыту мен қолданусыз жету мүмкін емес.

АКТ - ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау, тарату, көрсету және оны пайдаланушылардың мүдделеріне пайдалану мақсатында біріктірілген әдістер, өндірістік процестер мен бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы.

Мемлекеттік органдарды «Цифрлық Қазақстан» және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық

жоба бағдарламаларының іс-шараларын орындау бойынша ақпараттық қамтамасыз ету шеңберінде, кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану деңгейін сипаттайтын ақпарат жыл сайын қалыптастырылады.

Ұйымдарда АКТ-ны пайдалану статистикасын қалыптастыру үшін «Кәсіпорындарда АКТ пайдалану туралы есеп» 3-ақпарат нысаны бойынша есеп негіз болып табылады.

Статистикалық байқаудың негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының ұйымдарында АКТ-ны пайдалану деңгейін анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдинг» АҚ негізгі пайдаланушылар болып табылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросында (бұдан әрі – ҚР СЖРА ҰСБ) әлеуетті пайдаланушылар мен респонденттер, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен жұмыс топтарының (фокус-топтар) отырыстары өткізіледі, оларда жалпы мемлекеттік статистикалық нысандардың көрсеткіштері олардың өзектілігі және ведомстволық статистикалық нысандар мен әкімшілік деректер нысандарының көрсеткіштерімен қайталануын болдырмау мәніне егжей-тегжейлі талданады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

07.11.2018

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыру

08.10.2019

S.3.3 Метадеректерді соңғы жаңарту

08.10.2019

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Кәсіпорындарда АКТ пайдалану туралы статистикалық байқаудың негізгі көрсеткіштеріне мыналар жатады:

- 1) Компьютерді пайдаланатын ұйымдар саны;
- 2) Интернет желісіне қолжетімділігі бар ұйымдар саны;
- 3) Бұлтты АТ-қызметтерін пайдаланатын ұйымдар саны;
- 4) Ұйымдардағы компьютерлер саны;
- 5) АКТ саласындағы АКТ мамандардың саны;
- 6) Цифрлы технологияларды пайдаланатын өнеркәсіптік ірі және орта кәсіпорындарының үлесі және т.б.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Іріктемелі зерттеулер жүргізу кезінде статистикалық жіктелім зор маңызға ие. Оларды қолдану жиналатын ақпараттың басқа статистикалық зерттеулер деректерімен салғастырымдылығына және оның сапасына әсер етеді.

Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану туралы іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ӘАОЖ – Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші;
- 2) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 3) МНЖ – Меншік нысандары мен түрлерінің жіктеуіші;
- 4) КМЖ – Заңды тұлғалардың өлшемділігі жіктеуіші;
- 5) ЭСЖ – Экономика секторларының жіктеуіші;

Сондай-ақ ҚР СЖРА ҰСБ әзірлеген анықтамалықтар.

Осы жіктеуіштер ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында басты бетте Негізгі/ Жіктеуіштер бөлімінде орналастырылған.

S.4.3 Секторлық қамту

Респонденттер тобы: экономикалық қызмет түрлері Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі - ЭҚЖЖ) 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 93, 95.1 кодтарына сәйкес саны 100 адамнан асатын заңды

тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, сондай-ақ ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 санына қарамастан, жаппай әдіспен, жоғарыда көрсетілген ЭҚЖЖ бойынша (ЭҚЖЖ 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30 қоспағанда) саны 100 адамға дейінгілер - іріктемелі әдіспен.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтамалар

1) Құралдар: «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы есеп» (индексі 3-ақпарат, кезеңділігі жылдық) нысаны.

2) Байқау типі: іріктемелі.

3) Респонденттердің ұсыну мерзімі есепті кезеңнен кейінгі 19 қаңтарға (қоса алғанда) дейін.

Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА ҰСБ-ның Интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді on-line режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Нысанды соңғы қайта қарау 2019 жылы болды, статистикалық нысан ҚР СЖРА ҰСБ-ның (www.stat.gov.kz) Интернет-ресурсындағы Респонденттерге/ 2021 жылғы статистикалық нысандар/ Жылдық нысандар бөліміне орналастырылған.

S.4.5 Статистикалық объект

Заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірліктерін іріктеу қағидаты)

АКТ пайдаланатын ұйымдарды зерттеу жылдық негізде іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

Бас жиынтықты анықтау үшін қажетті жіктелімдік және мекенжай деректерімен бірліктердің толық тізбесі бар Статистикалық бизнес тіркелім (бұдан әрі - СБТ) пайдаланылады.

Ұйымдарда АКТ пайдалануды зерттеу бойынша іріктемелі жиынтықты қалыптастырудың негізгі өлшемшарттарына мыналар жатады:

1) кәсіпорындар бойынша (ЭҚЖЖ кодтары 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 93, 95.1):

- белсенділік коды: 1 - кәсіпорын белсенді;

- мөлшерлік коды: 105-160 (шағын) (10%);

- мөлшерлік коды: 215-225 (орта) (100%);

- мөлшерлік коды: 305-311 (ірі) (100%);

2) мемлекеттік басқару органдары бойынша (ЭҚЖЖ кодтары: 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30), АКТ=1, 100%:

Іріктемелі жиынтық ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама»/ Статистикалық байқауларға арналған іріктемелі жиынтықты қалыптастыру бөлімінде орналастырылған, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 22 тамыздағы № 169 бұйрығымен бекітілген «Кәсіпорындарға іріктемелі зерттеулер жүргізу бойынша әдістемесіне» сәйкес іріктеме дизайнына тапсырыс беру негізінде қалыптастырылады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана).

S.4.8 Қамту уақыты

Қазақстанда кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу 2004 жылдан бастап жыл сайынғы негізде жүргізіледі. 2004-2021 жылдардағы уақыттық қатарлар бар.

S.4.9 Базалық кезең

Зерттеу жылының алдындағы жыл базалық кезең болып табылады.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам, мың теңге және бірлік.

S.6 Есепті кезең

Жыл.

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспары.

4. Заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.

5. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 292 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты электронды түрде қалыптастыру және тарату бойынша әдістеме.

S.8 Құпиялық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 8-бабы, оған сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуының кепілі қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы № 20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі - Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы шартында Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілме түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S. 9 Жарияланым саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтары.

Статистикалық жұмыстар жоспары және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформа (МО ИПБП) www.gov.kz. сайтыда Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформа (МО ИРБП) www.gov.kz сайтында Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының бөлімінде «Негізгі»/ «Негізгі құжаттар» бөлімінде барлық пайдаланушыларға бір мезгілде және тең қолжетімді.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты. Ресми статистика/ Салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Статистика/ Бюллетеньдер.

S.10 Тарату жиілігі

Жыл.

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

S.11.2 Жарияланымдар

- 1) «Қазақстан Республикасының кәсіпорындарында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану туралы» статистикалық бюллетені, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Ресми статистика/ салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Бюллетеньдер бөлімінде орналастырылған;
- 2) «Қазақстан Республикасында байланыс және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы» статистикалық жинағы, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Ресми статистика/ Жарияланымдар/ Статистикалық жинақтар бөлімінде орналастырылған;
- 3) «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының көрсеткіштері, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Пайдаланушыларға/ Мемлекеттік бағдарламалардың көрсеткіштері бөлімінде орналастырылған;
- 4) Негізгі көрсеткіштер және серпінділік кестелер ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Ресми статистика/ Салалар бойынша/ АКТ статистикасы бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 On-line режимінде деректер базасы

ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайты. «Талдау» Ақпараттық-талдау жүйесі/ АКТ статистикасы/ Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.11.5 Өзге де

Қолданылмайды.

S.11.5.1 АС2. Метадеректер-кеңестер

Іске асырылмаған.

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

- 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 246 бұйрығымен бекітілген «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме». ҚР Әділет министрлігінде 2016 жылғы 23 қарашада № 14447 болып тіркелген. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама»/ АКТ статистикасы бөлімінде орналастырылған;
- 2) «Статистика бойынша әдіснамалық ереже 2018 жыл», төртінші басылым, толықтырылған. ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында «Әдіснама» бөлімінде орналастырылған;
- 3) «Ақпараттық қоғам статистикасы бойынша әдістемелік көмек 2015 жыл» Еуростат әдіснамасы Еуростаттың es.eurostat.eu Интернет-ресурсында орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа жөніндегі нұсқаулық; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу процесін сипаттаудың үлгілік әдістемесі;
5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- тауарлардың, өнімдердің, қызметтердің стандартты статистикалық жіктелімін пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде бақылаудың барлық схемалары (форматтық-логикалық, арифметикалық) әзірленген және енгізілген;
- алғашқы деректердің анықтығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңнамалық тұрғыдан бекітілді;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау динамикада жүргізіледі;

- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауаптың жоқ болуын азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электрондық форматты енгізу деңгейіне анықтығын тексеру айқындалды, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

АКТ статистикасы бойынша Еуростаттың «Ақпараттық қоғам статистикасы бойынша әдіснамалық ұсынымдар» және ЮНКТАД-тың «Ақпараттық экономика статистикасын түзу жөніндегі нұсқаулық» әдістемелік ұсынымдары, сондай-ақ ҚР ҰЭМ Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 21 қазандағы № 246 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме пайдаланылады, ол Еуростат стандарттарына және ҚАЗСТАТ жобасы (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) шеңберінде алынған, Германия мен Испанияның статистикалық офистері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына сәйкес әзірленген.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпараты пайдаланушылар: Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдинг» АҚ «Цифрлық Қазақстан» және «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жоба мемлекеттік бағдарламаларының нысаналы индикаторларын мониторингтеу үшін; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі, жергілікті

атқарушы органдар және басқа мемлекеттік органдар - талдау жұмыстары үшін.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі.

S.14.3 Толықтылығы/R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)


S.15.1 Жалпы дәлдік

Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу ықтимал қателер барынша аз болатындай және бақыланатындай етіп қалыптастырылған. Дегенмен зерттеу аса мұқияттылықпен жүргізілсе де, іріктемелі зерттеу жүргізу кезінде статистикада кездейсоқ қателер деп аталатын дәлсіздіктер болуы мүмкін (құны бойынша деректерді дұрыс толтырмау, есепті толтыру кезіндегі оператордың қатесі және т.б.). Мұндай қателерді облыстар мен Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының Статистика департаменттері және ҰСБ статистикалық байқау жүргізу барысында анықтайды және түзетеді.


2021 жылы өз қызметінде АКТ-ны пайдаланатын кәсіпорындарға іріктемелі зерттеу жүргізілді. Ірі, орта ұйымдар, мемлекеттік басқару органдары қызметкерлер санына қарамастан жаппай әдіспен, шағын ұйымдар іріктемелі әдіспен зерттелді.

2021 жылы есеп берген ұйымдар саны 135372 бірлікті құрады, одан компьютерді пайдаланғандар 81,3% (110047 бірлік), Интернет желісіне қолжетімділігі барлар 79,1% (107121 бірлік) және тек 13,1% (17708 бірлік) ұйымдар бұлтты АТ-қызметтерін пайдаланды. Цифрлы технологияларды пайдаланатын өнеркәсіптің ірі және орта кәсіпорындарының үлесі 9,9% құрады.

2021 жылға Интернет желісіне қолжетімділігі бар ұйымдар үлесі



2021 жылға ұйымдарда Интернет желісіне қосылған компьютерлердің үлесі



Ұйымдардың АКТ-ға жұмсаған шығындарының жалпы сомасы 443,1 млрд. теңгені құрады, одан мемлекеттік басқару ұйымдарда жұмсалған шығындар - 45,2 млрд. теңге.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/A1.

Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеу кездейсоқ іріктемеге негізделген іріктемелі зерттеу негізінде жүргізіледі.

Осылайша, нәтижелердің нақтылығын қателерді есептеу шеңберінде бағалауға болады.

Салыстырмалы стандартты қателер іріктемелі зерттеу жүргізілгеннен кейін есептеледі. «Салыстырмалы стандартты қатенің» мөлшері бас жиынтықтың шынайы мәнінен іріктеме алынған нәтижесінің ауытқу пайызын бағалайды.

Іріктеменің салыстырмалы стандартты қатесі іріктеме көлеміне кері пропорционалды, яғни іріктеме көлемін төрт есеге ұлғайтқан сайын, оның қателері екі есе азаяды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемелі зерттеуге негізделмеген қателер алғашқы статистикалық деректерді ұсыну кезіндегі міндеттілігінің арқасында зерттеу жүргізу барысында жауап алынбау болмайды. Кәсіпорындарда АКТ-ны пайдалану бойынша зерттеуді жүргізу кезінде іріктемелі зерттеуге негізделмеген қателер болған жоқ.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Қолданылмайды.

S.15.3.1.1 А2.Қамтуды арттыру-үлесі

Бас жинақты қалыптастырудың негізгі өлшемшарттары болып табылады:

1) кәсіпорындар бойынша (ЭҚЖЖ кодтары 01-03, 05-09, 10-33, 35, 36-39, 41-43, 45-47, 49-53, 55, 58-63, 64.19, 64.92, 65, 68-74, 77-82, 86, 93, 95.1)

-белсенділік коды: 1- белсенді кәсіпорын;

-мөлшерлілік коды: 105-160 (шағын) (10%);

-мөлшерлілік коды: 215-225 (орта) (100%);

-мөлшерлілік коды: 305-311 (ірі) (100%);

2) мемлекеттік басқару органдары бойынша (ЭҚЖЖ кодтары 84.11, 84.12, 84.13, 84.21, 84.30), АКТ=1, 100%.

S.15.3.1.2 А3.Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды.

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4.Жауап жоқ болу бірлігі - үлесі

Қолданылмайды.

S.15.3.3.2 A5.Жауап жоқ болу тармағы үлесі

Қолданылмайды.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1.Күту кезеңі-алғашқы нәтижелер

Респонденттер ұсынған мерзімнен бастап бірінші жарияланымға дейін алғашқы нәтижелерді өңдеуге жұмсалған уақыт орташа есеппен 56 күнді құрайды. Нәтижелер бюллетеньде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады. Шығару күні СЖЖ-да және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигін сәйкес бекітілген және жарияланған.

S.16.1.2 TP2.Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Нәтижелер бюллетеньде жыл сайын, ағымдағы жылға бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес жарияланады, нәтижелер түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалылығы

Деректер ҚР өңірлері арасында салғастырымды.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы-коэффициенті/СС1

Қолданылмайды.

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

АКТ статистикасы бойынша динамикалық көрсеткіштер 2004 жылдан бері салыстырмалы және үздіксіз. 2004-2021 жылдарға уақыттық қатарлар бар, ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында Ресми статистика/Салалар бойынша/ АКТ статистикасы/ Динамикалық кестелер бөлімінде орналастырылған.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

АКТ статистикасы бойынша әдістеме КАЗСТАТ жобасы шеңберінде (Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жоба) алынған, Германия және Испания статистикалық офистері сарапшыларының халықаралық ұсынымдарына және Еуростат стандарттарына сәйкес әзірленген.

S.18.2 Ішкі келісушілік

S.19 Жүктеме

Респонденттің қалауымен деректерді жинау қағаз жеткізгіште және электрондық түрде жүзеге асырылады.

Деректерді онлайн-режимде жинау кезінде респондентке әдеттегі енгізу қателеріне жол бермейтін автоматтандырылған арифметикалық-логикалық бақылаулар көзделген. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалық кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау қарастырылған. Нысанды толтыруға жұмсалған орташа уақыт 1-2 сағатты құрайды. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ.

Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау/А6

Елімізде 2022 жылғы 19 қаңтарға дейін төтенше жағдайдың енгізілуіне және кәсіпкерлік субъектілерінде Интернет желісіне қолжетімділіктің шектелуіне байланысты респонденттер үшін статистикалық есептілікті тапсыру мерзімі төтенше жағдай аяқталғанға дейін ауыстырылды.

Тиісінше, зерттеудің қорытындыларын қалыптастыру мен жариялау ағымдағы жылғы 16 наурыздан 24 наурызға ауыстырылды (25.01.2022 жылғы № -021020100000/461-вн қызметтік жазба).

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша статистикалық ақпарат «Кәсіпорындарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану туралы есеп» 3-ақпарат нысаны бойынша респонденттердің алғашқы есептерінің негізінде қалыптасады.

Статистикалық байқау іріктемелі әдіспен жүргізіледі.

Ұйымдарда АКТ пайдалануды зерттеу бойынша іріктемені қалыптастыру кезінде қарапайым кездейсоқ іріктеме әдісін пайдалана отырып стратификацияланған іріктеме пайдаланылады.

Осы зерттеудегі мақсатты жиынтық экономикалық қызмет түрлері, кәсіпорындардың мөлшерлілігі және өңірлер бойынша стратификацияланады.

Іріктемелі жиынтықтың деректері тарату коэффициентін қолдана отырып бас жиынтыққа таратылады.

Тарату коэффициенті страталар бойынша есептелінеді.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Ұйымдардағы АКТ статистикасы бойынша статистикалық нысанды тапсыру қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде жүзеге асырылады.

Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру ҚР СЖРА ҰСБ Интернет-ресурсында (www.stat.gov.kz) орналастырылған «Деректерді online режимде жинау» ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайтуды және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы статистикалық деректерді электрондық форматта енгізу деңгейінде анықтығын тексеру белгіленген, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар енгізілген.

Форматты-логикалық бақылаулар: бөлімдер, модульдер, тармақтар арасында.

S.21.5 Импутация - үлесі /A7

Қолданылмайды.

S.21.6 Түзету

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру.